

**№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы
Қамқоршылық кеңесінің құжаттамасы
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы**

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№3-хаттамасы**

2026 жылғы «16 наурыз

Қатысты: 6

Қатыспады: 4

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Наурыз мерекесін атап өтуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу мәселесі.
2. МДҰ ғимаратын абаттандыру және аумақты көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу.
4. Мектеп жасына дейінгі балалар және ата-аналармен бірлескен «Эко-десант» ұйымдастыру.
5. МДҰ-да «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу, топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып, Наурыз мерекесін жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін алдын ала дайындық жұмыстарының маңыздылығын атап өтті. Мерекелік сценарийлерді бекіту, топтарда ұлттық нақыштағы безендіру жұмыстарын жүргізу, ата-аналарды белсенді қатыстыру қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша МДҰ аумағын көркейту, көгалдандыру және тазалық жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру ұсынылды. Сенбіліктер өткізу, гүл отырғызу, аумақты ретке келтіру жұмыстары жоспарланды.

Үшінші мәселе бойынша еріктілердің қатысуымен көгалдандыру жұмыстарын жандандыру және «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттігі қаралды.

Төртінші мәселе бойынша балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Эко-десант» ұйымдастыру, табиғатты қорғауға бағытталған тәрбиелік шаралар өткізу ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша балабақшада кітап оқуға қызығушылықты арттыру, әр топта кітап бұрыштарын жаңарту және толықтыру, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру мәселелері қаралды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ұсыныстарын білдіріп, аталған жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату және балалардың тәрбиесіне оң ықпал ететін іс-шараларды көбейту қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Наурыз мерекесін ұйымдастыру және өткізу жоспары бекітіліп, жауапты тұлғалар белгіленсін.
2. МДҰ аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары тұрақты бақылауға алынып, сенбіліктер ұйымдастырылсын.
3. «Жасыл табиғат» челленджіне белсенді қатысу қамтамасыз етілсін.
4. «Эко-десант» іс-шарасы балалар мен ата-аналардың қатысуымен жоспарлы түрде өткізілсін.
5. «Кітап оқу» іс-шаралары ұйымдастырылып, топтардағы кітап бұрыштары талапқа сай жабдықталсын.

Төраға Жоқар

Хатшы Сейсен